

**Әуликөл ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 152 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 қыркүйекте № 29893 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Әуликөл ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Д. Койшибаев*

Мәслихаттың

2022 жылғы 23 қыркүйектегі

№ 152 шешімімен

бекітілген

**Әуликөл ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығысыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	318,32
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	321,6
Жылдық тариф бірлігіне (көлем)	1 м3	3937,99